# Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт

**№ КМ-135/2-02-2026**

Ақтау қаласы №030240000329/260589/00

Бұдан әрі «Тармақ иеленуші» деп аталатын, тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсететін **«Каскор-Транссервис» АҚ** (БСН 970840000386) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы А.С. Борашев, бір тараптан және бұдан әрі «Тармақ пайдаланушы» деп аталатын аталатын **«Мангистауский атомный энергетический комбинат» ЖШС** (БИН 030240000329), атынан 09.12.2025ж. №01-25/484 Сенімхат негізінде әрекет ететін Бас директордың жаңғырту және логистика жөніндегі орынбасары С.Ж. Идирисов, екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

## 1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1.1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: уәкілетті органның ведомствосы – тиісті табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

## 2-тарау. Шарттың нысанасы

2.1. Тармақ иеленуші тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Шартқа сәйкес ұсынады, тармақ пайдаланушы оларға Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде ақы төлейді.

2.2. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарт тармақ иеленушімен жеке тәртіпте жасалады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2.3 Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы Шартты құрайды оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт

2) техникалық шарттар (2 қосымша)

3) лоттардың тізбесі және қызмет көрсету шарттары (3 қосымша)

**3-тарау. Қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттары**

3.1. «Кірме жол шекарасы» белгісі Тармақ пайдаланушының теміржол кірме жолдарын қызмет көрсету және қозғалысты ұйымдастыру тәртібі туралы Нұсқаулығына (бұдан әрі-Тармақ пайдаланушының Нұсқаулығы) сейкес орындалады.

3.2. Бос вагондар, Тармақ пайдаланушының меншігіндегі, жалға алу немесе басқа құқық негізінде тиесілі, уақытша тасымал процесінде пайдаланылмайтын вагондар, Тармақ иеленушінің жеке пайдалану жолдарында орналастырылады.

3.3. Тармақ пайдаланушының кірме жолды маневрлік жұмыстарға, тиеу-түсіру, тасымал процесінің басқа технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымал процесінің технологиялық операцияларында қарастырылмаған жылжымалы құрамның тоқтауы үшін, бәсекелес кірме жолдың жоқтығы жағдайында, пайдаланатын ұзындығы Тармақ иеленушінің Нұсқаулығына сәйкес анықталады.

3.4. Бөлінген белдеу шекарасында кірме жол мен құрылыстар алаңы, 7990,5 шаршы метр жер учаскесін алады.

3.5. Кірме жол арқылы поездардың қозғалысы Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасын және осы мәселелерді регламенттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып жүргізіледі.

3.6. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды ұсыну тармақ иеленушінің алдын ала хабарламасы бойынша жүргізіледі.

Хабарлама ұялы байланыс арқылы (WhatsApp мессенджері арқылы) жіберіледі.

Хабарлама нақты берілгенге дейін 2 сағат кешіктірмей беріледі.

3.7. Тасымал процесінің технологиялық операцияларында қарастырылмаған жылжымалы құрамның тоқтауы үшін кірме жолды беру, бәсекелес кірме жолдың жоқтығы жағдайында, Тармақ пайдаланушының вагондардың (жүктелген немесе бос) тоқтауы (тұру) және вагондардың шығарылуы үшін берілген өтініштері негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі – өтініш), Договор қосымшасы №2-де көрсетілген формаға сәйкес рәсімделеді.

3.8. Ақтау-Порт станциясында Тармақ иеленушінің кірме жолына тапсырылатын, Тармақ пайдаланушының атына келген вагондар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы – «Маңғыстау ЖТ бөлімшесі » локомотивімен жеткізіледі.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Одан кейінгі қозғалыс Тармақ иеленушінің локомотивімен жүзеге асырылады.

3.9. Жүктер мен вагондарды өткізу және қабылдау поездың натурлық парағы негізінде жүргізіледі.

3.10. Тармақ иеленушінің кірме жолында маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, тасымал процесінің басқа технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымал процесінің технологиялық операцияларында қарастырылмаған жылжымалы құрамның тоқтауы үшін жоспарланған вагондардың саны 2026 жылға _________, оның ішінде айлар бойынша – өтінішке сәйкес, өтініш әр айдың 25-інен кешіктірмей ұсынылады.

Бұл ретте тармақ пайдаланушы күнтізбелік 15 күн ішінде бір айға мәлімделген вагондар санын түзетуге құқылы.

Мәлімделген көлемнен асып кеткен жағдайда, тармақ пайдаланушы қосымша көлемге өтінім береді, сондай-ақ осы шарттың 18-тармағына сәйкес хабарламамен енгізілген алдын ала төлемді растай отырып хабардар етеді.

3.11. Тармақ иеленушінің кірме жолына бір мезгілде берілетін вагондар саны, Тармақ иеленушінің нұсқаулығына сәйкес белгіленеді.

3.12. Тиеу-түсіру орындарының сыйымдылығы Тармақ иеленушінің Нұсқаулығына сәйкес белгіленеді.

3.13. Жылжымалы құрамның кірме жолда тоқтауы үшін сыйымдылығы, маневрлік жылжыту және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін ескере отырып, вагондар (дөңгелек жұптары) саны бойынша Тармақ иеленушінің Нұсқаулығына сейкес айқындалады.

3.14. Кірме жолға келетін және одан кететін вагондардың санын тармақ иеленуші тармақ пайдаланушының қатысуымен тіркейді және есепке алады, ол үшін екі данада акт (немесе ведомость) жасалады, оның біреуі тармақ иеленушіде қалады, екіншісі тармақ пайдаланушыға беріледі. Бір ай ішіндегі жұмыстың қорытындылары бойынша орындалған жұмыстардың актісі жасалады, ол тармақ пайдаланушыға (уақытты есепке алу карточкасын міндетті түрде ресімдей отырып) шот беру үшін негіз болып табылады.

Кірме жолға жылжымалы құрамды беру және кірме жолдан вагондарды әкету нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындалатын уақыт аралығында жүргізіледі.

3.15. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды оның құрылысы кезеңінде, табиғи-климаттық жағдайлар күрт өзгерген жағдайда ұсыну кірме жол жұмысының қысқа мерзімді шартының талаптарында жүзеге асырылуы мүмкін.

## 4-тарау. Есеп айырысу тәртібі

4.1. Қызметтерге ақы төлеу 29-ОД жылғы № 20.03.2025 бұйрығымен бекітілген тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бойынша жүргізіледі. «ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ 1 вагон/сағат **үшін ҚҚС-сыз 105,91 теңгені** құрайды.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4.2. Кірме жолды жылжымалы құрамның тұрағы үшін беру кезінде, күзет қызметтерін төлеу, Баға тізіміне сейкес, Тармақ иеленушінің Тарифтік нұсқаулығымен жүзеге асырылады және 1 вагон/сағат үшін ҚҚС есепке алынбай **35,00 теңгені** құрайды.

4.3. Маневрлік жұмыс жүргізу үшін локомотивтік тарту қызметтерінің ақысы Баға тізіміне сәйкес ,Тармақ иеленушінің Тарифтік нұсқаулығымен есептеледі және 1 лок./сағат үшін ҚҚС есепке алынбай **20 144,25 теңгені** құрайды.

4.4. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді тармақ пайдаланушы ай сайынғы өтінім берген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде төленуі тиіс вагондрдың айлық мәлімделген санына сәйкес ақысын 50% алдын ала төлеу шартымен жүргізеді.

4.5. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды ұсыну қызметін көрсету үшін түпкілікті есеп айырысу көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемі жөніндегі көрсетілген қызметтер актілеріне және берілген шот-фактураларға тараптар қол қойғаннан кейін ай сайын күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей жүргізіледі.

## 5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. **Тармақ иеленуші:**

5.1.1. тармақ пайдаланушы заңнамада және/немесе осы Шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда, тармақ пайдаланушыны осы көрсетілетін қызметтерді нақты тоқтатқанға дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын жазбаша хабардар еткен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтер көрсетуді тоқтатуға;

5.1.2. ұсынылатын қызметтер үшін уақтылы төлем алуға;

5.1.3. тармақ пайдаланушының кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге;

5.1.4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 275 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7020 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Кірме жолдарды пайдалану қағидасының талаптарына сәйкес кірме жолдарды пайдалануды тоқтата тұруға;

5.1.5. тармақ пайдаланушы күнтізбелік бес күннен асатын мерзімге төлемдерді кешіктірген жағдайда, осы шартты бұзуға бастамашылық жасауға;

5.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

5.2. **Тармақ иеленуші:**

5.2.1. тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген, жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдың қызметтерін ұсыну жағдайларын қоспағанда, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәрттіппен тармақ пайдаланушыларға тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдың қызметтерін ұсыну бойынша қол жеткізудің тең жағдайларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынуға;

5.2.2. қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге;

5.2.3. қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері болмаған жағдайларды және кірме жолда жүру қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, тармақ пайдаланушы мәлімдеген қызметтер көлемінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Тармақ пайдаланушы өтінім берген кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер көлемі іс жүзінде мүмкіндігінен асып кеткен жағдайда тармақ иеленуші кірме жолдың техникалық және технологиялық мүмкіндігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді;

5.2.4. ұсынылатын қызметтердің сапасы мен санын есепке алуға және оларға бақылау жүргізуге, қызметтер көрсетуде бұзушылықтардың алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

5.2.5. кірме жолды, бағыттамалық бұрмалар мен өтпелерді, оның құрылыстары мен құрылғыларын ағымдағы күтіп ұстауды, оларға күрделі, орташа және көтерме жөндеулерін жүргізуге;

5.2.6. теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгілеген шекте кірме жолды қардан, шөптен және ластардан тазалауды жүргізуге;

5.2.7. кірме жолдардың Техникалық пайдалану қағидаларының және санитариялық нормалар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

5.2.8. Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде қызметтерге арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгерістері туралы тармақ пайдаланушыны хабардар етуге;

5.2.9. тармақ пайдаланушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде себептерін көрсете отырып, кірме жолдарға вагондарды қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешімдер туралы хабардар етуге;

5.2.10. өзіне тиесілі кірме жолдарды күзетуді қамтамасыз етуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

5.2.11. кірме жолдарға заңнама талаптарына сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды жібермеуге;

5.2.12. тармақ пайдаланушымен өзара қатынастарда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

5.2.13. тармақ пайдаланушыға маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, басқа да тасымалдау процесінің технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты емес қызметтерді, сондай-ақ үшінші тұлғалармен міндеттемелердің туындауына алып келетін жағдайларда қосымша шарттарды мәжбүрлемеуге;

5.2.14. кірме жолды жылжымалы құрамның тұрағы үшін ұсынған жағдайда, тармақ пайдаланушыға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тежегіш табандарды ұсынуға;

5.2.15. кірме жолды жылжымалы құрамның тұрағы үшін ұсынған жағдайда тармақ пайдаланушының жылжымалы құрамын күзетуді қамтамасыз етуге.

5.3. **Тармақ пайдаланушы:**

5.3.1. кірме жолдардың көрсетілетін қызметтерін тең пайдалану құқығын алуға;

5.3.2. осы Шарттың талаптарына сәйкес тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына сәйкес белгіленген сапада алуға;

5.3.3. тармақ иеленушіден Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде қызметтерге арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгеруі туралы ақпарат алуға;

5.3.4. тармақ иеленушінің кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге;

5.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде тармақ иеленушінің кірме жолдарына вагондарды қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешімдер туралы себептері көрсетілген ақпаратты алуға;

5.3.6. тармақ иеленушінің осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

5.3.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

5.4. **Тармақ пайдаланушы:**

5.4.1. осы Шарттың талаптарына сәйкес тармақ иеленушінің қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

5.4.2. теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органның кірме жолдарды пайдалану бөлігіндегі талаптарын сақтауға;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

5.4.3. тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол ұсыну жөніндегі қызметтерді алудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктерінің болмаған жағдайда және тармақ иеленушінің кірме жолда қауіпсіз емес қозғалысы жағдайын қоспағанда, мәлімделген көлемдердің орындалуын қамтамасыз етуге;

5.4.4. осы Шарт бойынша құқықтарды тармақ иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге және табыс етпеуге;

5.4.5. шот фактуралар мен орындалған жұмыс актілерін алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде есепті кезең үшін өзара есеп айырысуларға салыстырып тексеру жүргізуге;

5.4.6. бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрам тұрағының қызметтерін алу кезінде тежегіш табандардың сақталуын және жылжымалы құрамның бекітілуі дұрыстығын қамтамасыз етуге;

5.4.7.тармақ иеленушімен қарым-қатынаста Қазқастан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

## 6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

6.1. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Осы Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

6.3. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, тармақ пайдаланушы тармақ иеленушіге ақы төлеу күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің сомасынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

6.4. Белгіленген мерзімде көрсетілетін қызметтерді ұсынбаған жағдайда, тармақ иеленуші тармақ пайдаланушыға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

## 7-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

7.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін жағдайлардың салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындайтын Шарт бойынша міндеттерден

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

7.2. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтірген дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала жазбаша хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

## 8-тарау. Жалпы ережелер

8.1. Осы Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тарап бұл туралы екінші тарапты күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша түрде ескертуі тиіс.

8.2. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

8.3. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

8.4. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

8.5. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір тарап үшін бір данадан жасалады. Шарттың мәтіні бойынша келіспеушіліктер туындаған кезде оның орыс тіліндегі нұсқасы пайдаланылатын болады.

8.6. Тараптардың келісімі бойынша Шарт шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

## 9-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

9.1. Осы Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2026 жылғы 31 желтоқсанға

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

дейін қолданыста болады. Бұл ретте Шарттың талаптары Тараптардың 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап туындаған қатынастарына қолданылады.

9.2. Егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі қызметті беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

**10-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары**

**Тармақ иеленуші:**
**«Каскор-Транссервис» АҚ**
130001, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 3 Б ш/а., 48 ғим., а/ж 438
БСН 970840000386
ЖСК KZ26 96511F0007478502
«Forte Bank» АҚ Ақтау қаласындағы филиалы
БСК IRTYKZKA
Тел.: +7 (7292) 30-15-96
e-mail: kts.aktau@gmail.ru
**Басқарма Төрағасы**
**_______________________ А.С. Борашев**

**Тармақ пайдаланушы:**
**«Мангистауский атомный энергетический комбинат» ЖШС**
130000, Маңғыстау обл., Ақтау қ., 7-өнеркәсіптік аймақ, 65-ғимарат
БСН 030240000329
ЖСК KZ966010231000017128
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК HSBKKZKX
Тел. +7 /7292/ 564-679
e-mail: rtukenova@maek.kz
**Бас директордың жаңғырту және логистика жөніндегі орынбасары**
**_______________________ С.Ж. Идирисов**

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

| Лоттың № | Тапсырыс беруші атауы | Атауы | Қысқа сипаттама | Қосымша сипаттама | Өлшем бірлік | Саны, көлемі | Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, теңге | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жеткізу орндар | Аванс төлемінің мөлшері %, % | Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** | **10** | **11** | **12** | **13** |
| **2026 қаржылық жыл** | | | | | | | | | | | | |
| | "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Кірмежолдарды пайдаланудың қызмет көрсетулері | Кіреберіс жолдарын пайдалану қызметтері | Маневрлік жұмыстар мен тасымалдау процесінің басқа технологиялық операциялары үшін теміржол жолдарын ұсыну қызметтері (КМ) | Бір қызмет | 1 | 1 277 637.83 | Шартқа қол қойылған күннен бастап 31.12.2026ж. қоса | Шартқа қол қойылған күннен бастап 31.12.2026ж. қоса | Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ. 7-өнеркәсіптік аймақ, "МАЭК" ЖШС, ҚШ; (1) | 50 | 1 277 637.83 |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

**Договор № КМ-135/2-02-2026**

**на оказание услуг по предоставлению подъездного пути для маневровых работ, погрузки-выгрузки, других технологических операций перевозочного процесса, а также для стоянки подвижного состава, непредусмотренной технологическими операциями перевозочного процесса при условии отсутствия конкурентного подъездного пути**

г. Актау №030240000329/260589/00

**АО «Каскор-Транссервис»** (БИН 970840000386), оказывающее услуги по предоставлению подъездного пути для маневровых работ, погрузки-выгрузки, других технологических операций перевозочного процесса, а также для стоянки подвижного состава, не предусмотренной технологическими операциями перевозочного процесса при условии отсутствия конкурентного подъездного пути, именуемое в дальнейшем «Ветвевладелец», в лице Председателя Правления Борашева А.С., действующего на основании Устава, с одной стороны, и **ТОО «Мангистауский атомный энергетический комбинат»** (БИН 030240000329), именуемое в дальнейшем «Ветвепользователь», в лице Заместителя генерального директора по модернизации и логистике Идирисова С.Ж., действующего на основании Доверенности № 01-25/484 от 09.12.2025г., с другой сторон, заключили настоящий Договор (далее – Договор) о нижеследующем:

## Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре

1.1. В Договоре используются следующие основные понятия: ведомство уполномоченного органа – ведомство государственного органа, осуществляющего руководство в соответствующих сферах естественных монополий.

Иные понятия и термины, используемые в настоящем Договоре, применяются в соответствии с законодательством Республики Казахстан о естественных монополиях и Законом Республики Казахстан «О железнодорожном транспорте».

